ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
ПРИОЗЕРСК
ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ГОРОДА ПРИОЗЕРСК
КАРАГАНДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2026 жыл 09 сәуір

№ 22/72

Приозерск қаласы

город Приозерск

Жер учаскесін сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) өткізу бойынша кейбір сұрақтар туралы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 297 бұйрығымен бекітілген Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалға алу құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын басшылыққа ала отырып, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауда-саттыққа (аукционға) Приозерск қаласы, Достық көшесінде орналасқан, көлемі 0,0703 га болатын жер телімі «көп пәтерлі тұрғын үй құрылысын салу» мақсатында 5 (бес) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен шығарылсын.

2. Сауда-саттық өткізу нысаны – аукцион, сондай-ақ сауда-саттық өткізу әдісі – ағылшынша болып анықталсын.

3. «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Айдархановқа жүктелсін.

Қала әкімі **М.Ахметов**

Орынд. С. Бұқпантаев

000045